

» ОҚУ-дың 80 жылдығына орай

Таланттардың ізі қалған білім ордасының келешегі кемел



Кезінде инженер мамандар даярлау бағытында республикада ең ірі жоғары оқу орындарының бірі болған қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің (бұрынғы ҚазХТИ) 80 жылдығына дайындық жұмыстары басталып та кетті. Осы оқу орнында ұзақ жылдар бойы әртүрлі басшылық қызметте болған, кәсіподақ комитетін басқарған профессор Әлімқұл БАЙБӨЛЕКОВПЕН білім ордасының даму кезеңдері мен келешегі туралы қысқаша сұхбат құрған едік.

– Әуелі газет оқырмандарын өзіңіздің қысқаша еңбек жолыңызбен таныстыра кетсеңіз.

– 1962 жылы осы оқу орнын бітіріп, жолдамамен «Семипалатинскстрой» тресінің құрастырмалы темір-бетон зауытында мастер болып еңбек жолымды бастадым. Одан соң лабораторияға жетекшілік еттім. Мамандығыма сай Мақаншы, Үржар аудандарының құрылыстарында прораб болдым. Жолдама мерзімі біткен соң өзім оқыған ҚазХТИ-ға оқытушылық қызметке қабылдандым. Білімімді жетілдіру мақсатында Мәскеудегі В.Куйбышев атындағы Құрылыс-инженерлік институтына аспирантураға түсіп, кандидаттық диссертация қорғадым. Сөйтіп Қазақ химия-технологиялық институтында аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерінде ғылыми-педагогикалық жұмысымды жалғастырдым. Әрине, бұдан кейінгі кезеңдерде басшылықтың ұйғарымымен факультет

кер Серікжан Сейтжановтың академик Сұлтан Төшірбайұлының 95 жылдығына арнап ұйымдастырған басқосуында ол кісінің еңбегіне университет ардагерлері мен жан-жақтан жиналған зиялы қауым өкілдері өте жоғары баға берген еді.

Атап айтқанда, ол кісінің басшылығымен университеттің бас ғимараты, «А», «Б», «В» оқу корпусы, №1, 2, 3, 4 жатақханалар, 2 қабатты асхана, спорт кешені салынумен қатар, білім алушылар мен қызметкерлерге арнап Түлкібас шатқалының шырайлы жерінен «Машат» сауықтыру лагері жұмыс істей бастады. Профессор-оқытушылар құрамына Сайрам ауданынан саяжай үшін жер телімдері бөлінді. Институттың ғылыми-педагогикалық әлеуетін арттыру мәселесі ректордың ерекше назарында болды. Талантты оқытушы жастар Мәскеу, Ленинград, Киев қалаларындағы іргелі оқу орындарына аспирантураға жіберіліп, сол жерде кан-

мәселелеріне де жете мән берді. №5 жатақхана құрылысын бітіріп, министрлікпен келісіп, облыстық кәсіподақ комитетінің қолдауымен жатақхананың екінші қабатынан студенттер мен оқытушылар үшін профилакторий ашты.

– Иә, өзіңіз осында көп жыл қызмет еттіңіз. Қазір де ауық-ауық студенттерге лекция оқып тұрасыз. Енді университеттің бүгінгі тыныс-тіршілігіне қандай баға берер едіңіз?

– Тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, профессор Дария Пернешқызы Қожамжарова оқу орнына жаңа леп әкелді. Ол бәрінен де мықты мамандарды даярлауды жоғары қойды.

Ұжымдағы жағдайды жақсарту, білім беру сапасын арттыру мақсатында зейнет жасында болуына қарамастан, тәжірибесі мол, ұжымда беделі жоғары азаматтарды кафедра меңгерушісі

сымды жалғастырдым. Әрине, бұдан кейінгі кезеңдерде басшылықтың ұйғарымымен факультет деканының орынбасары, декан, сырттай және кешкі оқыту жөніндегі проректор, оқу-өдістемелік бөлімі меңгерушісі, оқу істері жөніндегі проректор қызметтерін атқарып, кәсіподақ комитетінің төрағалығына сайландым, Ресейдің жоғары аттестациялық комиссиясы шешімімен профессор атағын алдым.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де арнайы шақыртумен халықаралық қазақ-араб университетінде оқу істері жөніндегі проректор, Шымкент университетінде ректор қызметтерін атқардым.

– **Еңбек жолыңызға назар аударсам, қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің қалыптасу кезеңдері туралы біраз мағлұматтарды білетініңіз байқалады. Әрі қарай сұхбатты университеттің даму кезеңдері мен қазіргі жағдайы туралы пікіріңізбен жалғастырсақ.**

– Университеттің қалыптасу, даму кезеңдері туралы айтсақ, кезінде осы оқу орнын 15 жылдай басқарған (институт түлегі) техника ғылымдарының докторы, академик Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменовке тоқталмай кете алмаймыз.

Оқу орнының бүгінгі материалдық-техникалық жағдайы мен ғылыми-педагогикалық кадрлық потенциалының жоғары болуына Сұлтан Тәшірбайұлы негіз қалап кетті. Ол кісі студенттер мен оқытушы қызметкерлердің өлеуметтік жағдайларына да ерекше көңіл бөлді. Оқу орнының түлегі, техника ғылымдарының докторы, профессор, кәсіп-

Ленинград, Киев қалаларындағы іргелі оқу орындарына аспирантураға жіберіліп, сол жерде кандидаттық диссертацияларын қорғап, кейбіреулері әрі қарай докторлық диссертацияларын қорғау бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырды.

Сұлтан Тәшірбайұлы республика деңгейіндегі білімді мамандар даярлауға ерекше көңіл бөлді. Ол кісінің ұсыныстарымен кезінде кафедра меңгерушісі, декан, проректор болып жұмыс істеген қызметкерлер республика көлемінде басшылық қызметтерге, басқа жоғары оқу орындарына ректор болып тағайындалып жатты. Мәселен, Қызылорда педагогикалық институтына О.Камардинов, Жамбыл педагогикалық институтына Ғ.Сайденов, Алматы тамақ өнеркәсібі институтына М.Ескаиров, Қазақ политехника институтына А.Омаров, Жамбыл гидротехника-құрылыс институтына М.Үркімбаев, Рудный институтына К.Көрібаев басшылық жасады.

Сұлтан Тәшірбайұлынан кейін ҚазХТИ-ды сегіз жыл басқарған техника ғылымдарының докторы, профессор Шаяхмет Молдабековтің өзі осы ҚазХТИ-ге оқуға түсіп, білім алуын Мәскеуде жалғастырған. Кандидаттық, докторлық диссертацияларын сол жақта қорғап, осында ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметінен ректорлыққа дейін көтерілді. Оның басшы ретінде оқу орнының барлық тіршілігінен жан-жақты хабардар бола отырып, дер кезінде дұрыс шешім қабылдай алатыны бізді таңқалдыратын.

Ш.Молдабеков оқытушылардың, студенттердің өлеуметтік

мол, ұжымда беделі жоғары азаматтарды кафедра меңгерушісі қызметіне тағайындап, университеттегі әрбір қызметті баламалы негізде жүргізу жүйесін енгізді. Қабылданған шешімдер мен жасалған іс-шаралар, әсіресе, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы өзгерістер біртіндеп оң нәтиже бере бастады.

Әсіресе, университеттің бюджеттен тыс қаржылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, оқу орнының материалдық-техникалық базасын жақсарту, оқу ғимараттарын ішкі-сыртқы жөндеу, әрлеу жұмыстарында бұрын-соңды болмаған жұмыстар атқарылды деп айтуға болады. Әсіресе, бас ғимарат фасадындағы, «А» ғимараты алдындағы жұмыстар университет имиджінің артуына септігін тигізді.

Университет қызметкерлері мен студенттердің көлікпен көліп-кетуіне қолайлы жағдайлар жасау мақсатында бірнеше автотұрақ ашылғанын да атап өткен жөн.

– **Ұжымға айтар тілегіңіз.**

– Жас өрендеріміздің тәрбиесінің дұрыс бағыт алуына әкімшілік ресурстармен қатар қоғамдық ұйымдардың (кәсіподақ, ардагерлер кеңесі) белсенділігі де қажет. Президенттің Әділетті Қазақстан құру жолындағы бастамасына кәсіби біліктілігі жоғары, ұлттық тәрбиемен сусындаған жастар керек екенін ұмытпаса деген тілек бар. Университетіміз өркендей бергей!

– **Өңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан
Нұрлан КЕНЖЕҒҰЛОВ,
«Оңтүстік Қазақстан».**

